

"Мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша есепті жасау, уәкілетті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы және ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 252 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 4 маусымдағы № 364 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша есепті жасау, уәкілетті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы және ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 252 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша есепті жасау, уәкілетті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы және ақпарат ұсыну қағидаларында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган интеграцияланған цифрлық жүйе арқылы республикалық бюджеттің, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептерді қалыптастырады.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 және 17-қосымшаларда орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

көрсетілген Қағидаларға 18-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші абзацын қоспағанда, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы 4 маусымдағы
№ 364 бұйрығына
1-қосымша
Мемлекеттік қаржы
статистикасы бойынша есепті
жасау, уәкілетті мемлекеттік
органдардың өзара іс-қимылы
және ақпарат ұсыну
қағидаларына
18-қосымша

Республикалық бюджеттің шығыстарын жергілікті бюджеттердің кірістерімен шоғырландыру

Индекс: КРД-1
Өлшем бірлігі: миллиард теңге

Санаты				Атауы	сомасы	2014 жылғы мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі нұсқаулық коды
	Сыныбы					
		Кіші сыныбы				
			Ерекшелігі			
Республикалық бюджеттің шығыстары						
			331	Субвенциялар		
			339	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер		
			441	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері		
				Бюджеттік инвестициялық жобаларды		

			511	іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттер		
			512	Жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер		
Жергілікті бюджет кірістері						
4	02	1	01	Ағымдағы нысаналы трансферттер		
4	02	1	02	Нысаналы даму трансферттері		
4	02	1	03	Субвенциялар		
4	02	1	05	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге республикалық бюджеттен субвенциялар		
4	02	1	06	Республикалық бюджеттен қорғанысқа арналған субвенциялар		
4	02	1	07	Республикалық бюджеттен қоғамдық тәртіпке, қауіпсіздікке, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметіне субвенциялар		

4	02	1	08	Республикалы қ бюджеттен білім алуға арналған субвенциялар		
4	02	1	09	Республикалы қ бюджеттен денсаулық сақтауға арналған субвенциялар		
4	02	1	10	Республикалы қ бюджеттен әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсызданды руға арналған субвенциялар		
4	02	1	11	Республикалы қ бюджеттен тұрғын үй-коммуналд ы қ шаруашылық қ а субвенциялар		
4	02	1	12	Республикалы қ бюджеттен мәдениет, спорт, туризм ж ә н е ақпараттық кеңістікке субвенциялар		
4	02	1	13	Отын-энергет ика кешені мен жер қойнауын пайдалануға арналған республикалы қ бюджеттен субвенциялар		
				Республикалы қ бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығ ына, ерекше қорғалатын табиғи		

4	02	1	14	аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарын а субвенциялар		
4	02	1	15	Өнеркәсіпке, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне республикалы қ бюджеттен субвенциялар		
4	02	1	16	Республикалы қ бюджеттен Көлік және коммуникаци яға арналған субвенциялар		
4	02	1	17	Республикалы қ бюджеттен ө з г е шығыстарға арналған субвенциялар		
7	01	2	02	Астананың, облыстың, республикалы қ маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар		